

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Есептік және реттік сан есім

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.04.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/93574/

Педагогтің аты-жөні		Сұлтанова Хамар Талғатқызы		
Күні:		08.09.2021ж		
Сынып:3		Қатысушылар саны: 9	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Есептік және реттік сан есім		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер/фото/диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау; 3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілін арғын бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте. Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.	ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. 35-жаттығу. Мәтінді түсініп оқиды. Оқулықта берілген сұрақтарға жауап беріп, болжау жасайды. Ақыл сөздің мағынасын топта талқылайды. 36-жаттығу. Мәтінді қатесіз, әрі көркем етіп көшіріп жазады. Оқушылардың бас әріп пен кіші әріптің бііктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазуы қадағаланып, бағыт беріледі. Дескриптор: • Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін ажыратады. Жаңа білімді меңгереді. Сауатты, көркем жазады. • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. • Берілген тапсырмалар бойынша ой қорыту жасай алады. 37-жаттығу. Реттік сан есімдерді оқып, сөз құрамына талдайды. Реттік сан есімдерге жалғанған қосымшаның екі түрлі болу себебін түсіндіреді. 3.1.3.1 (Т; Қ) Жағдаяттық тапсырманы түсініп оқып, өз көзқарасын білдіру. Шығармашылық үзіліс. 38-жаттығу. Оқулықта берілген жағдаяттық тапсырманы түсініп оқиды. Өз көзқарасын білдіреді. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Оқылым, жазылым тапсырмалары.
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану (Ө; Қ) Рефлексиялық тапсырма. «Өз жауабыңның дәлелі». Берілген сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтыру арқылы сабақтағы өз іс-әрекетіне кері байланыс жасайды. (ҚБ) «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Кері байланыс.	Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.	ҚБ: Бағдарламалар кездері арқылы бір-бірін бағалау.	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Білім сандығы» кері байланыс.	Сабақтан алған әсерлеріне кері байланыс береді.	«Білім сандығы» кері байланыс.	«Білім сандығы» кері байланыс парағы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.